


ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ



VI ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФАРАБИ ОҚУЛАРЫ

Алматы, Қазақстан, 2-11 сәуір 2019 жыл

Студенттер мен жас ғалымдардың

«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

атты халықаралық ғылыми конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, Қазақстан, 2-11 сәуір 2019 жыл

2-том

VI МЕЖДУНАРОДНЫЕ ФАРАБИЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ

Алматы, Казахстан, 2-11 апреля 2019 года

МАТЕРИАЛЫ

Международная научная конференция

студентов и молодых ученых

«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

Алматы, Казахстан, 2-11 апреля 2019 года

Том 2

VI INTERNATIONAL FARABI READINGS

Almaty, Kazakhstan, 2-11 April 2019

MATERIALS

International Scientific Conference of

Students and Young Scientists

«FARABI ALEMI»

Almaty, Kazakhstan, April 2-11, 2019

Part 2



ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ
ФАКУЛЬТЕТ ФИЛОСОФИИ И ПОЛИТОЛОГИИ

VI ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФАРАБИ ОҚУЛАРЫ
Алматы, Қазақстан, 02-11 сәуір 2019 жыл

Студенттер мен жас ғалымдардың
«ФАРАБИ ӘЛЕМІ» атты
Халақаралық ғылыми конференциясының

МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, Қазақстан, 02-11 сәуір 2019 жыл

2 том

VI МЕЖДУНАРОДНЫЕ ФАРАБИЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ
Алматы, Казахстан, 02-11 апреля 2019 год

МАТЕРИАЛЫ

Международной научной конференции
Студентов и молодых учёных
«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

Алматы, Казахстан, 02-11 апреля 2019 год

Том 2

VI INTERNATIONAL FARABI READINGS
Almaty, Kazakhstan, 02-11 April, 2019

MATERIALS
International Scientific Conference
Of Students and Young Scientists
«FARABI ALEMI»
Almaty, Kazakhstan, 02-11 April, 2019

Volume 2

Алматы
«Қазақ университеті»
2019

Председатель редакционной коллегии:

Масалимова А.Р. – доктор философских наук, профессор, декан факультета философии и политологии

Заместители председателя редакционной коллегии:

Мейрбаев Б.Б. – заместитель декана по научно-инновационной работе и международным связям

Абдирайымова Г.С. – заведующая кафедрой социологии и социальной работы

Ертарғынқызы Динара – заместитель заведующей кафедры педагогики и образовательного менеджмента по научно-инновационной деятельности и международному сотрудничеству

Курманалиева А.Д. – заведующая кафедрой религиоведения и культурологии

Мадалиева З.Б. – заведующая кафедрой общей и прикладной психологии

Насимова Г.О. – заведующая кафедрой политологии и политических технологий

Нурышева Г.Ж. – заведующая кафедрой философии

Материалы международной научной конференции студентов и молодых учёных «Фараби әлемі», Алматы, Казахстан, 02-11 апреля 2019 г. Том 2. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 588 с.

ISBN 978-601-04-3974-0

В сборнике представлены доклады и выступления участников международной научной конференции студентов и молодых учёных «Фараби әлемі», организованной Советом молодых учёных, преподавателями, магистрантами и докторантами факультета философии и политологии.

В работе конференции приняли участие молодые учёные из разных вузов Казахстана и зарубежных стран. В данном сборнике содержатся статьи и доклады по актуальным проблемам философии, социологии, культурологии, социальной работы, религиоведения, психологии и педагогики.

Статьи изданы в авторской редакции.

ISBN 978-601-04-3974-0

© КазНУ имени аль-Фараби, 2019

8. Марғұлан Ә. Арқадағы тас мүсіндер // Білім және еңбек. – Алматы, 1984. – № 9. – 12–16 бб.
9. Орынбеков М. Ежелгі қазақтың дүниетанымы. – Алматы: Ғылым, 1996. – 17 б.
10. Кенжетай Д. Дәстүрлі түркілік дүниетаным және оның мәні // Ежелгі көшпелілер дүниетанымы. – Астана: Аударма, 2005. – 71- 96 бб.
11. Шалекенов У. Көне қала Ақтөбе // Қазақ әдебиеті. – 1985. – 15 қазан.
12. Байпаков К.М. О локализации городов северо-восточного Семиречья // Вестн. АН КазССР. – 1968. – № 7. – С. 4-7.
13. Хасенов Ә. Қазақстан мәдениеті мен өнерінің тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 1988. – 1 т. – 188 б.
14. Назарбаев Н.Ә. Ұлы даланың жеті қыры // «Егемен Қазақстан» газеті, 2018. – 21 қараша. – 1-2 бб.

МУЗЕЙЛІК ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРАНЫ ЗЕРТТЕУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Құдайбергенов С.Е.

*PhD докторант, 2 курс, «Мәдениеттану» мамандығы
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Ғылыми жетекші:

Исмағамбетова З.Н.

филос.ғ.д., профессор

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Ұлы Даланың көз жеткізгісіз кең-байтақ аумағы тарихта түрлі рөл атқарған. Бірақ, осынау рухани географиялық белдеуді мекен еткен халықтың тонның ішкі бауындай байланысы ешқашан үзілмеген. Ұйымдастырылып отырған «Фараби әлемі» халықаралық конференциясындағы «Ұлы Даладағы мәдениеттер сұхбаты, ұлттық код және құндылықтар» атты секциясына ұсынылып отырған музейлік тарихи-мәдени мұраны зерттеу тақырыбының да маңыздылығы зор.

Елбасы өзінің «Ұлты даланың жеті қыры мақаласында» өлкетану музейлерінің жанынан тарихи-археологиялық қозғалыстар құру керектігін атап өтті. Ұлт тарихын санаға сіңіру барша қазақстандықтардың бойында өз бастауларына деген ортақтық сезімін қалыптастырады.

Тәуелсіздік жылдарында халқымыздың өткенін зерттеуге қатысты ауқымды жұмыстар атқарылды. Еліміздің тарихи жылнамасындағы ақтаңдақтарды қайта қалпына келтіруге жол ашқан «Мәдени мұра» бағдарламасы табысты іске асырылды. Бірақ, бабаларымыздың өмірі мен олардың ғажап өркениеті жөніндегі көптеген деректі құжаттар, әлі де болса, ғылыми айналымға түскен жоқ.

1995 жылғы қабылданған «Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптасуының тұжырымдамасы» тарихи-мәдени мұраларды зерттеудің бағыт-бағдарын нақты айқындап берген маңызды құжат болды. Тұжырымдамада: «Егер бұрын Қазақстан тарихы біртұтас КСРО тарихының құрамдас бөлігі ретінде ғана ұғындырылып келсе, енді оны әлем тарихының, Еуразия тарихының, көшпелілер өркениетінің, түркі халықтары тарихының, Орталық Азия елдері тарихының аясында қарастыру жөн деген ұғым біртіндеп қалыптасып келе жатыр», – деп жазылған еді [1, 5 б.]

Елімізде қоғамдық орта мен халықтың санасында мәдени мұраны жаңғыртуға, төлтума мәдениет жәдігерлерін жинауға және ғылыми тұрғыдан зерделеуге қажетті барлық жағдайлар жасалуда. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында тарихи сананы жаңғыруы жөнінде айтып өтеді. Оның ішінде мәселелер жан-жақты ой елегінен өткізіп, терең зерделеуді талап ететіндігін сондай-ақ біздің дүниетанымымыздың, халқымыздың өткені мен бүгінгінің және болашағының іргелі негіздеріне тікелей қатысты екенін айтып өтті. «Көпшіліктің санасында тарихи үдерістер, негізінен, тұлғаландыру сипатына ие болатыны белгілі. Көптеген халықтар өз елінің ерекше елшісі сынды ұлы бабаларының есімдерін мақтан тұтады. Ұлы дала Әл-Фараби мен Ясауи, Күлтегін мен Бейбарыс, Әз-Тәуке мен Абылай, Кенесары мен Абай және басқа да көптеген ұлы тұлғалар шоғырын дүниеге әкелді. Сондықтан біріншіден, атақты тарихи тұлғаларымыз бен олардың жетістіктерінің құрметіне ашық аспан астында ескерткіш-мүсіндер қойылатын тарихи сананың дала тарихымен, философиясымен, тұрмыстық заттар, киелі бұйымдар арқылы сақталатынын, тарих, мәдениет және ой-сана, құндылық, мұра сияқты категориялар мен өлшемдер арқылы қалыптасатынын білдірсе керек. [2, 28-29 б.] Бұл орайда, музейлік тарихи-мәдени мұра халықтың өмірімен біте қайнасып келе жатқан, тарихи соқпақтардан ұлттық келбетті ұлықтайтын тарихи жады ескерткіштері екені шындық.

Елбасы өз сөзінде өз тарихына деген мақтаныш сезімін ұялатып, отаншылдық тәрбие беру мектеп қабырғасынан басталатындығын айтып, сондықтан мектептер мен барлық өңірлердегі өлкетану музейлерінің жанынан тарихи-археологиялық қозғалыстар құру маңыздылығын атап өтті. Ұлт тарихын санаға сіңіру барша қазақстандықтардың бойында өз бастауларына деген ортақтық сезімін қалыптастырады.

«Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында «Ұлы дала» атты ежелгі өнер және технологиялар музейін ашу туралы да өз ұсынысын айтты.

Оған озық өнер мен технология үлгілерін – аң стилінде жасалған бұйымдарды, «Алтын адамның» жарактарын, жылқыны қолға үйрету, металлургияны дамыту, қару-жарак, сауыт-сайман дайындау үдерісін көрсететін заттарды және басқа да жәдігерлерді жинақтау арқылы жүзеге асатыны белгілі. Онда Қазақстан жерінен табылған құнды археологиялық ескерткіштер мен археологиялық кешендердің экспозициялары қойылады. Бұл заттар тарихи дәуірлердің қандай да бір кезеңіндегі әртүрлі шаруашылық салаларының даму үдерісін көрсетеді. Бұл өз кезегінде музейдің ғылыми экспозициялық бөлімінің зерттеу қызметіне кіреді.

Әр заманның өзіне тән тарихи, мәдени сұранысы болады. Ол мемлекеттік саясаттың ықпалына, қоғам қажеттіліктері мен талаптарына қарай өзгеріп, түрленіп отырады. Ғылыми ойдың дамуы, белгілі бір ғылыми саланың дамуы мен қалыптасуы мемлекеттің тарихи-мәдени сипатына, тарихи-мәдени мұраға деген сұранысы мен оған деген қарым-қатынасы мен қамқорлығына, музей ісінің, ғылыми бағыттардың дамуындағы өзгерістермен тығыз байланысты дамиды. Жалпы музей қызметіне ықпал ететін факторлар (саяси, экономикалық, технологиялық, әлеуметтік, тарихи, музей қызметінің спецификалық ерекшеліктері, т.б.) жетерлік. Яғни, музей өмірі, оның қызметінің табысты болуы, мәртебесінің артуы тек музейге ғана тәуелді емес екені белгілі. Ал тарихи-мәдени құндылығы жоғары деңгейдегі музейлік деректердің пайда болуының заңдылықтарымен байланысты бірнеше факторларды атап өтуге болады. Оған әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынастардың дамуы, қоғамдағы өзгерістер, қоғамның әлеуметтік құрылымы, рухани және материалдық мәдениеттің деңгейі, тарихи дерек түрлерінің қалыптасуы мен сақталуы, ғылым мен білімнің дамуы, т.с.с. Қоғамның дамуы барысында дерек түрлерінің жаңа типтері пайда болып отырады. Музей қызметінің басты нысаны, түпқазығы музей заты болып табылады. Ал музей затының мекені - музейдің қорымен экспозициясы (көрмесі) болып табылады. Музейдің тарихи деректерді жинайтын, сақтайтын, насихаттайтын мәдени, әлеуметтік мекеме ретіндегі қоғамдағы, білім мен ғылымдағы атқаратын рөлі ерекше. Өйткені музей адамзат баласының тарихы мен мәдениетін алғашқы қауымдық құрылыстан бастап бүгінге дейін музейлік деректер арқылы айғақтап береді. Көне замандардан жалғасын тауып келе жатқан музей тарихи эволюциялық үдерістер нәтижесінде мазмұны мен мағынасы семантикалық модификацияға ұшырап, тек қасиетті кеңістікті емес, сонымен бірге ғылыммен, шығармашылықпен, әдебиетпен айналысатын орынға айналды [3, 44 б.].

Уақыт өте келе музейлер тарихи-мәдени мұраларды жинайтын және сақтайтын мекеме ретінде қалыптасты. Соңғы кезде қоғамымызда музей ісіне, музей құндылықтарына деген талап пен қызығушылық артып келеді. Отандық музей қызметіне, ондағы тарихи-мәдени мұраға деген сұраныс халықаралық деңгейге дейін көтерілді. Қоғамда музейдің тек әлеуметтік емес, тарихи мұраны сақтайтын мәдени-ғылыми институт, ғылыми ақпараттар жүйесі орталығы, «тарихи феномен» ретінде маңыздылығы артты, музей ісіне деген қоғамның қызығушылығы күннен күнге артуда [4, 6 б.].

Ғалымдар музейді социомәдени жадының проекциясы ретінде, тарихи нарратив формасы сипатындағы ақпараттық жүйелер организмі ретінде сипаттайды [5, 26 б.].

Әлеуметтік және тарихи жады мәдени дәстүрлердің аспектісі ретінде мәдениеттің заттай дамуы мен сақталуына, музейлік затқа айналуына ықпал етіп отырады. Музей затының «меморалдығы» ұғымы онтологиялық және социомәдени аспектілерге негізделген тарихи уақыттың ерекше қасиеті деп анықтама беруге болады. Музей түрлі этникалық мәдени дәстүрлердің және ұрпақ аралық үндесуді, тілдесуді, жүздесуді ұйымдастыратын айрықша мәдени кеңістік немесе форум іспетті [6, 46 б.].

Халықтың «мен» және «сен» деген этникалық айрықша белгілері мен ерекшеліктері көрінетін, музейлік дереккөз арқылы алынатын этникалық образдың келбеті дәстүрлі, ұлттық мәдениетпен қабысып жатады. Ал «...ұлттың мәдениеті – оның қуат өрісі, қорғаныс тетігі, ...халықты ұлт етіп ұйытатын баға жетпес құндылықтары» [7, 23 б.].

Кез келген өркениет адамзаттық мәдениеттің жетістіктеріне сүйенеді, мәдениет өркениеттің түптамыры, фундаменті, ал этностың болмысын сақтаушы және тасымалдаушысы – этнофор (этникалық сананы тасымалдаушы) болып табылады. Халықтың тарихы оның этникалық болмысымен, философиясымен, шаруашылығымен, күнкөріс қам-қарекетімен де астарлас болып келеді және адам баласы зат арқылы, заттық орта арқылы қарым-қатынасқа түседі. Тіпті затпен бірге өмір сүріп қана қоймай, бірге көмілгені де көне тарихымыздан белгілі. Музейлік коллекциялар мен заттардың мазмұны тарихи жады, тарихи дерек ұғымдарымен тікелей байланысты ерекше құндылық жүйесі. Мұндай ерекшелік музейдегі деректердің деректанулық, тарихи зерттеулерде пайдаланудың әдіс-тәсілдерін анықтауды және олардың нақты тарихи оқиға мен тарихи үдерістерді түсіндіруге, тануға қосатын деректік-ақпараттық деңгейін талдауды қажет етеді.

Осындай сана, тарих бірлігіне жетелейтін мұраларға түркілердің мәдени-рухани, заттай мәдениетінің ескерткіштерін жатқызуға болады. Ел тәуелсіздігімен бірге мемлекетіміздің ғылыми-

мәдени кеңістігіне түркілік, түркілер, түркі өркениеті, түркілік мұра сияқты ұғымдар қайта «оралды». Бұл ұғымдар да осы уақытқа дейін отандық музейлік «сахнадан» тыс қалғаны белгілі. Соңғы кезде Қазақстанда тұратын түркі халықтарының тарихи-мәдени мұраларын зерттеуге және жинауға байланысты қордаланған мәселелер көтеріліп, түркі халықтарының тарихи-мәдени мұраларын зерттеу және музейлендіру мәселелері қолға алынуда. Еліміздің музей ісі саласында бұл мәселе де толық шешімін тапқан жоқ десек болады.

Осындай олқылықтардың орнын толтыруда еліміздің қазіргі тарихи-мәдени кеңістігіндегі ерекше бағыттағы, музейлердің атқарар миссиясы ерекше және өте жауапты екені айқын. Бұл орайда, ерекше назар аударатын жәйт, отандық музейлердің қызметі мен қорлардағы жәдігерлердің мазмұны мен басымдылық бағыты мен қор жинау мәселесі еліміздің тәуелсіздік тарихымен бірге өзгерді. Музейлік жәдігерлердің халықтың, мемлекеттің тарихи-мәдени ресурстар жиынтығы ретінде маңыздылығы артты. Тарихымыздағы тиым салынған тақырыптарды зерделеуге, зерттеуге, музей қорларына жинауға мүмкіндіктер ашылды. Соның қатарында тарих, тарихи деректану, этнография, этнология, этнодемография, музейтану, т.б. сияқты ғылыми салалар бар. Осындай дамуы жағынан кенже қалған отандық гуманитарлық ғылымдардың бір маңызды саласына музейлік деректану жататыны сөзсіз.

Ұлттық дүниетаным, тарихи сана, тарихи жады (зерде, ес), этникалық сәйкестілік, бірегейлік тарихи-мәдени мұралар жүйесімен үздіксіз байланыста өмір сүреді және осы ұғымдардың музейлік ескерткіштерде сақталуы арқылы ұлттың «заттай формадағы» бірегейлігі сақталады. Музейлік дереккөздер – халықтың өмірлік тәжірибесін, тарихы мен мәдениетін қордалаудың кешенді құралы, заттай тетігі. Демек, отандық тарих ғылымында музейлік деректану ұғымының енуі және оның теориялық-методологиялық негіздерінің қалыптасуы бүгінгі күн талабы екені сөзсіз. Алайда, музей ісі мен ескерткіштерді қорғау саласында тарихи деректанулық зерттеулердің жоқтығы, музейлердегі ғылыми дәрежелі маман тапшылығы, музей қорларындағы жинақтың ғылыми нысандық тұрғыдан көптүрлілігі мәселенің ұзақ уақыт сақталуына өз әсерін тигізуде. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары «...ұлттық төл деректерімізді тани білу қажеттігі», «...ол үшін деректану ғылымының теориясы мен методтарын меңгерген мамандар даярлау» туралы сұрақтардың көтерілуі, деректанудың «...жалпы мазмұны, теориялық негіздері, мақсаты мен мәні барлық жерде бірдей болғанмен, оның белгілі бір ұлттың тарихын зерттеуде, сол ұлттың төл деректерінің негізінде және, ең бастысы, сол ұлттың тілінде жазылғанда ғана өзінің міндетін дұрыс атқара алатындығы анық» [9, 72 б.]

Музей қорларындағы сақтаулы деректердің тәуелсіз мемлекет үшін, болашақ ұрпақ үшін ғасырлар үндестігі, білім мен мәдениет жалғастығының құралы (транслятор) ретіндегі құндылығы мен маңыздылығы аса жоғары. Яғни, музей жинағын тарихи дерек тұрғысынан зерттеу, насихаттау, сақтау мен қорғаудың мәселелері қоғам үшін өзекті екені сөзсіз. Музейлердің экспозицияларына тек өткен өмір тарихына қатысты музейлік деректер ғана емес, бүгінгі тәуелсіз Қазақстан тарихынан дерек беретін материалдар да қойылуы және жиналуы тиіс. Музейлік тарихи дереккөздерді дер кезінде қорға жинау және зерттеу оның шынайылығын сақтаудың кепілі болып табылады.

Музейлік қорлардағы тарихи деректерді жүйелі түрде зерттеу мен жазуға сұраныс пен қажеттілік, тәуелсіз және жаңа теориялық-методологиялық принциптерді іздестіруді талап етеді.

Әдебиеттер:

1. 1995 жылғы Қазақстан Республикасының тарихи сана қалыптасуының тұжырымдамасы. – Алматы: Қазақстан, 1995. – 32 б.
2. Назарбаев Н.Ә. «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы
3. Юренева Т.Ю. Музееведение: Учебник для высшей школы. – М.: Академический Проект, 2003. – 560 с.
4. Музейное дело России. – М., 2006. – 565 с.
5. Никонова А.Л. Энигма (загадка) музейного предмета // Вестник Санкт-Петербургского университета. Серия 6. Философия, политология, социология, психология, право, международные отношения. - 2006. - С. 11-18.
6. Алимбай Н. Музей – не застывшая форма // Казахстанская правда. - 2006, февраля-10. – №17.
7. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 2003. – 288 б.
8. Тасмағамбетов И.Н. Зримый образ великой культуры (древнетюркская культура в зеркале XXI века // Байырғы түркі өркениеті: жазба ескерткіштер / Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Астана қаласы, 2001. – Алматы, 2001. – 17-27 б.
9. Разгон А.М. Музейный предмет как исторический источник // Проблемы источниковедения истории СССР и специальных исторических дисциплин: статьи и материалы АН СССР, ин-та истории СССР / отв.ред. И.Д. Ковальченко и др. – М.: Наука, 1984. – С. 174-182.

Бекен Н.Б. ҰЛЫ ДАЛА ӨРКЕНИЕТІ"- "МӘҢГІЛІК ЕЛ" ИДЕЯСЫНЫҢ АЛТЫН ҚАЗЫҒЫ	253
Бекен Н.Б. «ДАЛА ӨРКЕНИЕТІ»: ТҮРКІ ТЕКТЕС ХАЛЫҚТАРДЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ ЖӘНЕ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫНЫҢ ДАМУ САТЫЛАР	256
Дусипова А.С. РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ӘЛЕМІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК АСПЕКТІЛЕРІ	259
Жарқынбаев Е.Е. РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ЖӘНЕ ШЫҒЫС ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ ӨНЕГЕЛІ АДАМ МҰРАТЫ	262
Жарқымбаева Ж.С. ЦЕННОСТИ В СОВРЕМЕННОМ МИРЕ	266
Жимахан Ж.Б. ФИЛОСОФСКОЕ ШКОЛА ПРАГМАТИЗМА ДЖОНА ДЬЮИ	268
Калдаева Б.С. ЕЖЕЛГІ ҚАЗАҚТЫҢ МИФОЛОГИЯЛЫҚ ДҮНИЕТ АНЫМЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ БЕЙНЕСІ	271
Карелова Д.С., Фаварисова Н.Р. ВЗГЛЯД Э. ТОФФЛЕРА НА РАЗВИТИЕ ОБЩЕСТВА В ЭПОХУ ТРЕТЬЕЙ ВОЛНЫ	273
Қуанышбай Н. ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДЫҢ МУЗЫКА САЛАСЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ ЖАЙЛЫ	276
Ли Надежда ВОПРОСЫ ОБРЕТЕНИЯ СОБСТВЕННОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ В ПРОЦЕССЕ ТРАНСФОРМИРОВАНИЯ ОБЩЕСТВА	278
Мошқал М. ТІЛ ФИЛОСОФИЯСЫ ЖӘНЕ ӘЛЕМНІҢ ҒЫЛЫМИ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ БЕЙНЕСІ	280
Мырзабеков Ж. М.Х. ДУЛАТИДІҢ «ЖАҒАННАМА» ТУЫНДЫСЫНДАҒЫ ТҮРКІЛІК РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ТАРИХИ КӨРІНІСТЕРІ	283
Мурадова С.А. ФИЛОСОФСКОЕ ОБОСНОВАНИЕ ВОСПИТАНИЯ И ОБРАЗОВАНИЯ	285
Перова И.А. ТРИ ВОЛНЫ ЭЛВИНА ТОФФЛЕРА	287
Раисов Қ.Д. ӘЛ-ФАРАБИ ІЛІМІНДЕГІ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ	289
Розахунов Р.К. ДУХОВНОЕ ПРОСТРАНСТВО: СТРОЕНИЕ, СОДЕРЖАНИЕ	293
Рушанова Н.Б. ӘЛ-ФАРАБИ ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР	295
Рысқұлов С. АХМЕТ ИСАУИ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҒАШЫҚТЫҚ ӘЛЕМІНІҢ СЫРЫ	298
Сағдыева К.Р. РАЦИОНАЛЬНЫЙ ПОДХОД К ПОНИМАНИЮ ДЕЙТЕВИТЕЛЬНОСТИ	301
Сәбік Е. АУДАРМАДА ҰЛТТЫҚ НЕГІЗДІҢ САҚТАЛУЫ МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ЖОҒАЛТПАУ КЕПІЛІ	303
Танатарова М.К. РОЛЬ И МЕСТО ФИЛОСОФИИ В СОВРЕМЕННОМ ОБЩЕСТВЕ	306
Темиргали С. БУСИДО КОДЕКСІ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАПОНҚОҒАМЫНДАҒЫ КӨРІНІСІ	308
Төкенова А. ӘЛ-ФАРАБИ ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ	311
Төрежанова Ж. ҚЫТАЙ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ГЕНЕЗИСІ	313
Чокатаева А. ФИРДОУСИДІҢ «ШАХНАМАСЫНДАҒЫ» ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ОЙ ТОЛҒАМДАР	316
СЕКЦИЯ: ДИАЛОГ КУЛЬТУР ВЕЛИКОЙ СТЕПИ, НАЦИОНАЛЬНЫЙ КОД И ЦЕННОСТИ СЕКЦИЯ: ҰЛЫ ДАЛАДАҒЫ МӘДЕНИЕТТЕР СҰХБАТЫ, ҰЛТТЫҚ КОД ЖӘНЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАР	
Abdulina N. SOCIAL MEDIA EFFECT ON VALUES TRANSFORMATION OF KAZAKH CULTURE (Facebook)	318
Әбікенов Ж.О., Ғабитов Т.Х. МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ЗЕРТТЕУДЕГІ СЕМИОТИКА НЕГІЗДЕРІ	322
Ахметжанов Д.Г., Алимжанова А.Ш., Малдыбек А.Ж., Ғабитов Т.Х. ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ ӨРКЕНИЕТІНІҢ ІРІ ОШАҚТАРЫ АРАСЫНДАҒЫ ӨЗАРА МӘДЕНИ АЛМАСУЛАР	327
Құдайбергенов С.Е., Исмағамбетова З.Н. МУЗЕЙЛІК ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРАНЫ ЗЕРТТЕУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ	332
Кулумжанов Н.Е., Жолдубаева А.К. МОДЕЛЬ МИРА НОМАДОВ	335
Мұқатаева С.А., Есім Ф. ЖИДЕБАЙДАҒЫ «АБАЙ-ШӘКӘРІМ» МЕМОРИАЛДЫҚ КЕШЕНІ	339
Kaidarova T.K., Tursynbayeva A.O. NATIONAL CODE AND SEVEN SIDES OF THE GREAT STEPPE	343
Bazarbay Ye. TRANSFORMATION OF GENDER STEREOTYPES IN JAPANESE SOCIETY	345
Bazarbay Ye. CULTURAL DIPLOMACY OF KAZAKHSTAN	349
Жексембі Ә.А., Ғабитов Т.Х. ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ ОЙЫН-САУЫҚ МӘДЕНИЕТІ	352
Зейнуллин Р.Б. ЖАҒАНДАНУ ДӘУІРІНДЕ ЭТНОБАҒЫТТАЛҒАН БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ	356
Найзабаева Г. ҚАЗАҚСТАН МӘДЕНИЕТІНІҢ ФЕНОМЕНАЛДЫ – «ЖҰМСАҚ КҮШІ»	358
Осербаев Е. ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕГІ КИБЕРМОББИҢГ НЕМЕСЕ САНА МАНИПУЛЯЦИЯСЫ НАЦИОНАЛЬНЫХ СИМВОЛОВ	361
Турегельдиева А.С. ТҮРКІ ӨРКЕНИЕТІ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ ЭКОЛОГИЯСЫНЫҢ ТАМЫРЫ	364
Урозбаева Д.М., Закржевская О.Г. ИНКЛЮЗИВНОСТЬ	367

Ғылыми басылым

VI ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФАРАБИ ОҚУЛАРЫ
Алматы, Қазақстан, 02-11 сәуір 2019 жыл

Студенттер мен жас ғалымдардың
«ФАРАБИ ӘЛЕМІ» атты
Халақаралық ғылыми конференциясының

МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, Қазақстан, 02-11 сәуір 2019 жыл

2 том

ИБ № 12768

Басуға 30.04.2019 жылы қол қойылды. Формат 60x84 ¹/₁₆.
Көлемі 49,0 б. т. Тапсырыс №2268. Таралымы 150 дана.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.

Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.
«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.